

Әбікен Н.Ғ.¹, Қағазбаева Ә.М.¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

"БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ" БАСТАМАСЫ: ҚЫТАЙ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Аңдатпа

"Бір белдеу-бір жол" бастамасы Қытайдың қазіргі әлемдегі саяси және экономикалық жетекші орынға ие болуға ұмтылысын көрсетеді. Бастаманы ұсыну себебін Қытай басшылығы Қытайдың ішкі даму қажеттіліктерімен түсіндіреді, сыртқы ашықтық елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды серпін болып табылатынын атап өтті. Қытай " өз алаңында ірі халықаралық саммиттерді өткізудің арқасында белсенді болып отыр»; бастамашылық, жаңа бастамалар мен тұжырымдамалар саны үнемі өсуде, бұл ретте ескі идеялар дамиды, мемлекеттер мен үкіметтерден саяси партияларға және жауапты партияларға дейін серіктестер шеңбері кеңейтіледі, ҚХР өзінің күн тәртібін - жаһандық басқаруды тұжырымдайды, әлемдік қауымдастық үшін жаңа мақсаттарды - "ортақ тағдыр"идеясын жариялайды.

Мақала авторлары Қытай көлеңкеде қалып, өз мүмкіндіктерін жасырмады деген қорытындыға келді. "Бір белдеу-бір жол" бастамасы Қытай сыртқы саясатының жаңа стилін іске асырады. Бастама Қытайдың шет елдермен екіжақты қарым-қатынасының қазіргі тетіктеріне және ынтымақтастықтың аймақтық платформаларына сүйеніп отыр. Ол Қытай дипломатиясын жаңа мазмұнмен толтырады және оған қосымша серпін береді.

Түйін сөздер: Бір белдеу - бір жол, Ұлы Жібек жолы, бастама, тұжырымдама, стратегиялық жоба, экономика, реформа, сыртқы саясат.

Abiken N.G.¹, Kagazbaeva E.M.¹

¹*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
Kazakhstan, Almaty*

"ONE-BELT-ONE ROAD" INITIATIVE: A NEW CONCEPT OF CHINESE DIPLOMACY

Abstract

The One Belt, One Road Initiative reflects China's desire to take a politically and economically leading place in the modern world. The Chinese leadership explain the reason for the initiative to be put forward by the needs of China's internal development, emphasizing that external openness is an important impetus for the country's socio-economic development. China is becoming more active thanks to major international summits at its venue; initiative, the number of new initiatives and concepts is constantly growing, while old ideas are being developed, the circle of partners from states and governments to political parties is expanding and responsible, the PRC is formulating its own agenda - global governance, proclaiming new goals for the world community - the idea of a "common destiny".

The authors of the article concluded that China no longer wants to remain in the shadows and hide its capabilities. The One Belt, One Road Initiative embodies a new style of Chinese foreign policy. The initiative is based on the existing mechanisms of bilateral relations between China and foreign countries and on regional cooperation platforms. It fills Chinese diplomacy with new content and gives it an additional impetus.

Keywords: One belt, one way, the Great Silk Road, initiative, concept, strategic project, economy, reform, foreign policy.

ИНИЦИАТИВА "ОДИН ПОЯС-ОДИН ПУТЬ": НОВАЯ КОНЦЕПЦИЯ КИТАЙСКОЙ ДИПЛОМАТИИ

Аннотация

Инициатива «Один пояс-один путь» отражает стремление Китая занять политически и экономически ведущее место в современном мире. Причину выдвижения инициативы китайское руководство объясняют потребностями внутреннего развития Китая, подчеркнув, что внешняя открытость является важным импульсом для социально-экономического развития страны. Китай становится более активным, благодаря проведению крупных международных саммитов на «своей площадке»; инициативным, постоянно растет число новых инициатив и концепций, при этом старые идеи получают развитие, расширяется круг партнеров от государств и правительств до политических партий и ответственным, КНР формулирует собственную повестку дня - глобальное управление, провозглашает новые цели для мирового сообщества - идея «общей судьбы».

Авторы статьи пришли к заключению, что Китай более не желает оставаться в тени и скрывать свои возможности. Инициатива «Один пояс-один путь» воплощает новый стиль китайской внешней политики. Инициатива опирается на существующие механизмы двусторонних отношений Китая с зарубежными странами и на региональные платформы сотрудничества. Он наполняет китайскую дипломатию новым содержанием и придает ей дополнительный импульс.

Ключевые слова: Один пояс-один путь, Великий Шелковый путь, инициатива, концепция, стратегический проект, экономика, реформа, внешняя политика.

«Қытай ерекшелігі бар үлкен елдің дипломатиясы» тұжырымдамасы 2012 жылдың қарашасында ҚКП ХҮІІІ съезін өткізгеннен кейін Си Цзиньпин бастаған ҚКП ОК бастамашылық еткен дипломатияның жаңа ұжымдық түсінігі болып табылады. «Қытай ерекшелігі бар үлкен елдің дипломатиясы» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында: «Азия-Тынық мұхиты еркін сауда аймағын» құру, «Бір белдеу мен бір жол» бастамасын жүзеге асыруды үздіксіз ілгерілету, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі және Жібек жолы қорын құру болып табылды [1].

«Бір белдеу-бір жол» бастамасы «Үлкен елдің Қытай ерекшелігі бар дипломатиясы» тұжырымдамасын іске асыру үшін жаңа және маңызды платформа болып саналады. «Бір белдеу-бір жол» бастамасы аясында бірқатар өзгерістер Қытай дипломатиялық саясатында орын алды.

«Бір белдеу-бір жол» түсінігіне келер болсақ, бұл өзі аймақтық ынтымақтастықтың мүлдем жаңа жобасы болып саналады. Оның сипаттамалары – барынша ашықтық, ұтқырлық, өзара тиімділік, білім мен тәжірибе алмасу, селбестік пен ынтымақтастық. Ұлы Жібек жолының игі дәстүрін жалғастыра отырып, бейбіт ынтымақтастықты, ашықтықты, төзімділікті, бір-бірінен үйрену мен өзара пайдалы іс-әрекетті жандандыруды көздейді. «Бір белдеу - бір жол» мегажобасы адамзаттың әлемдік тарихи дамуының ендігі негізі болмақ. Қытай мен Қазақстан, әрдайым, теңдікке және өзара тиімді ынтымақтастыққа бағытталған бейбітшілікті қолдайды, егеменді халықтардың істеріне араласудан бас тартады. Жыл сайын осы гуманистік идея тек Ұлы Жібек Жолының аумағында ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінде жан-жақты қолдау табады. Бір белдеу мен бір жолдың бойына орналасқан, тағдыры ортақ, бір-бірімен өзара тығыз байланысқан елдерді көпвекторлы, көпдеңгейлі, кешенді ынтымақтастыққа тарту арқылы тұтас аймақта, тіптен құрлық аумағында теңдестірілген тұрақты дамуға қол жеткізу. «Бір белдеу, бір жол» жобасы бірлікте дамуды жүзеге асырып, өзара тиімді серіктестікті нығайту жолы, көпжақты қатынас аясында өзара сенімділікті, бейбітшілік пен достық байланысын күшейтетін жол. Қытай үкіметі, бейбітшілік және ынтымақтастық, ашықтық пен қамқорлық, өзара үйрену және өзара толықтыру, өзара тиімділік және бірлікте табысқа жету идеясын берік ұстанады, көпжақты қызметтік ынтымақтастықты дамыту, саяси өзара сенімділікке қол жеткізу, экономикалық біріккен, мәдениеті тоғысқан, тағдыры мен міндеті ортақ топ құру бастамасын

ұсынып отыр. «Бір белдеу, бір жол» жобасының мақсаты – жол бойында орын тепкен елдердің бірлесіп дамуына қол жеткізу, өзара тиімді селбестік арқылы жанжақты өркендеу. «Бір белдеу, бір жол» жобасын оркестрмен теңестіруге болады, жаңғыз Қытайға ғана керек емес, барлық мүдделес елдер белсенді қатысса ғана сәтті болмақ. Бұл ғасыр жобасының міндеттеріне келер болсақ, олар - ортақ мүдделі қауымдастық құру, яғни, тағдыры бір, барлығы жауапкершілікті бірдей сезінетін, саяси тұрғыда бір-біріне сенімді, экономикалық интеграцияны өткір қажеттілік деп сезінетін, мәдени-рухани байланыстарды байытуды көздейтін еркін елдердің қауымдастығын жасау. Бұл жобаны ешқандай одақпен немесе бірлестікпен шатастыруға болмайды. Қарапайым тілмен айтсақ, «Бір белдеу, бір жолдың» бойында орналасқан әрбір ел өзін бейне бір ұзын шынжырды құрап тұрған тізбектің бөлшегі деп түсінгені жөн. Ұлы Жібек жолымен де өз заманында керуендер кіре тартқанда тізбектеле көш түзегенін, керуен жолы бойында өркениет пайда болып, ірі қалалар туындағанын естен шығармағанымыз жөн. «Бір белдеу, бір жол» тұжырымдамасы Жібек жолының бойындағы елдерге ортақ мүдделерді сақтай отырып, миллиардтаған адамдардың әлауқатын жақсартуына, үйлесімділікпен бейбіт өмір сүруіне, пайда тауып, бизнесін дамытуына тамаша мүмкіндіктер туындатары сөзсіз. Бұл жобаны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері қарапайым әрі түсінікті, олар – мүдделі мемлекеттердің ерекшеліктері мен объективті қажеттіліктерін ескере отырып жасалатын іскерлік ынтымақтастық, инфрақұрылымның өзара байланысы, үздіксіз өзара тиімді сауда, тауар мен капиталдың еркін айналысы, қызмет көрсетудің мемлекет шекарасымен шектелмеуі, түрлі халықтардың шаруа-экономикалық қана емес, мәдени-рухани тұрғыдан да тығыз қарым-қатынасқа түсуі. «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері қарапайым әрі түсінікті, олар – мүдделі мемлекеттердің ерекшеліктері мен объективті қажеттіліктерін ескере отырып жасалатын іскерлік ынтымақтастық, инфрақұрылымның өзара байланысы, үздіксіз өзара тиімді сауда, тауар мен капиталдың еркін айналысы, қызмет көрсетудің мемлекет шекарасымен шектелмеуі, түрлі халықтардың шаруа-экономикалық қана емес, мәдени-рухани тұрғыдан да тығыз қарым-қатынасқа түсуі [2, 17 б.].

2013 жылдың қыркүйегі мен қазан айларындағы, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азияға жасаған сапарлары барысында «Жібек жолы экономикалық белдеуі» мен «XXI ғасырдағы Теңіз Жібек жолы» стратегиялық тұжырымдамаларын ұсынып, белдеу бойында орналасқан елдер мен аймақтардың белсенді қолдауына ие болды. Орталықтың жоспарлануына сәйкес, даму және реформа жөніндегі ұлттық комиссиясы, Сыртқы істер министрлігі мен Сауда министрлігі және т.б. тиісті мекемелер мен жергілікті ұйымдармен бірлесіп, «Бір белдеу – бір жол» стратегиялық жобасын жүзеге асыру жолында ғылыми зерттеу және дайындық жұмыстарын жүргізді. Бұл мақалада, осы стратегиялық тұжырымдамада ұсынылып және жоспарланып отырған дайындық үдерістеріне басты назар аударылатын болады.

2013 жылдың қыркүйек айында ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Қазақстан Республикасына жасаған сапары барысында, Назарбаев Университетінде «Жарқын болашаққа қол жеткізу үшін, халықтар арасындағы достық қатынасының дамуына қолдау көрсеті» атты тақырыпта сөз сөйледі. Өз сөзінде ол: «Тығыз экономикалық байланыс пен өзара терең ынтымақтастықты орнатып, даму аумағын кеңейту мақсатында, біз «Жібек жолы экономикалық белдеуін» бірлесіп құру сынды жаңа ынтымақтастық моделін қолдансақ болады. Бұл әр ел халқының бастамасына үлкен пайдасын тигізеді», - деп айтып кетті. Осылайша «Жібек жолы экономикалық белдеуін» құру туралы стратегиялық тұжырымдамасы алғаш рет ұсынылды [3, 35 б.].

2013 жылдың 3 қазан күні ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Индонезияға жасаған мемлекеттік сапары барысында, Индонезия парламентінде екі ел арасындағы ынтымақтастықтың ары қарай жалғасуына қолдау көрсету, АСЕАН елдерімен стратегиялық ынтымақтастықты дамыту және де Қытайлық даму тұжырымдамасы туралы сөз сөйлеп: «Оңтүстік-Шығыс Азия аймағы ежелден бері Теңіз бойындағы Ұлы Жібек жолының маңызды торабы болған, Қытай АСЕАН елдерімен бірлесіп теңіз саласында ынтымақтастықты нығайтуға дайын, теңіз саласындағы серіктестік қатынасты дамыту жолында, сонымен қатар XXI ғасырдағы теңіз Жібек жолын бірлесіп салу үшін, Қытай үкіметі, Қытай-АСЕАН теңіз ынтымақтастығы қорын құруда», - деп атап көрсетті [4, 11 б.].

2014 жылдың 19 мамырында Жібек жолы экономикалық белдеуінің басты платформасы – Қытай-Қазақстан (Ляньюньган) материалдық-техникалық негіздегі серіктестік ресми түрде өз жұмысын бастады.

2014 жылдың қараша айында ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Орталық қаржы-экономикалық басшылар тобының сегізінші конференциясын өткізіп, Жібек жолы экономикалық белдеуі мен ХХІ ғасырдағы Теңіз Жібек жолының жобасын жан-жақты талқылап, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің құру мен Жібек жолы қорын құру бастамасын ұсынды. Си Цзиньпин өз сөзінде, Жібек жолының экономикалық белдеуі мен ХХІ ғасырдағы Теңіз Жібек жолы жобасының бастамасы, қазіргі заман талаптары мен әр елдің шапшаң даму жолындағы мақсаттарына сай келетінін, көпжақты дамудың тұғырнамасын құруды ілгерілететіндігін, терең тарихи және мәдени негізі арқасында, экономикасы тез дамып жатқан Қытай мен белдеу бойында орналасқан елдердің мүдделін тең деңгейде жүзеге асыратындығын айтып кетті. Осы бастамаларды жүзеге асыру бар күшті жұмсауды талап етеді, бауырлас, адал, сенімді, тиімді сынды шеткі аймақтық халықаралық қағида, белдеу бойында орналасқан елдердің Қытайды мойындауына, онымен жақындасуына, оны қолдауына өз септігін тигізеді [5].

Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы (КАОН) жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының халықаралық стратегиялар кафедрасының директоры профессор Сюе Ли ең алдымен «Бір белдеу-бір жол» бастамасы жалғыз сыртқы стратегия болып табылады және алдағы 8-10 жылда қытайлық сыртқы саяси қызметті басқаратын болады деп атап өтті. Профессор «Бір белдеу-бір жол» бастамасын ұсынғаннан кейін Қытай дипломатиясында бірқатар түбегейлі өзгерістер болғанын атап өтті. Ең алдымен, «Шығыс Азия елдері» ретінде өткен өзін-өзі сәйкестендіруге қарағанда Қытай өзін «Азияның орталық елі» немесе «Еуразия құрлығының шығыс шетіндегі елі» деп атай бастады. Сонымен қатар, «таогуан янхуэй» сыртқы курсынан бас тартып (өз мүмкіндіктерін жасырып, көлеңкеде ұстау), Қытай белсенді сыртқы саясатты ұстана бастады. «Бір белдеу-бір жол» бастамасы аясында жаңа Қытай дипломатиялық саясатында көршілес елдердің орны артты, олар тіпті АҚШ-пен қатар бірдей маңызды орын алады [6].

Өзін-өзі сәйкестендірудің өзгеруі және белсенді дипломатиялық жағдай Қытайды халықаралық аренада белсенді болуға міндеттейді. Кешенді мемлекеттік қуат үздіксіз күшейе түсуіне қарай Қытай халықаралық жауапкершілікті көбірек көтере бастады және халықаралық жағдайға неғұрлым күшті әсер ете бастады.

ҚКП ОА халықаралық байланыстар бөлімінің бұрынғы орынбасары Юй Хунцзюнь «Бір белдеу-бір жол» бастамасы жаңа қытай дипломатиясының орталығы болып табылады деп есептейді. Оның үстіне, «Бір белдеу-бір жол» бастамасының көмегімен шектес өңірлерде: Қытай – Орталық Азия – Батыс Азия; Қытай – Моңғолия – Ресей; Қытай – Пәкістан; Қытай – Үндіқытай сияқты экономикалық дәліздер салынатын болады; Бангладеш – Қытай-Үндістан-Мьянма және жаңа еуразиялық континентальды.

Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы (КАОН) жанындағы жаһандық стратегиялар бойынша «ми орталығының» зерттеушілері Сюй Липин мен Ван Сяолин «Бір белдеу-бір жол» бастамасын жүзеге асыра отырып, қытайлық перифериялық саясатты оңтайландыруға болады деп есептейді. Олар қоршаған аймақтағы Қытай дипломатиялық жұмысындағы қиындықтарды күрделендірді. Ең алдымен, тарихи себептер бойынша пайда болған қытай мен көршілес елдер арасындағы аумақтық даулар бар. Екіншіден, Қытай «бейбіт биіктікті» жүзеге асыруына қарай көрші елдер алаңдаушылық таныта бастады. Үшіншіден, өнеркәсіптік бәсекелестік, нарықтарға қарсы күрес және ресурстарды бөлу сияқты қақтығыстар Қытай мен көршілес елдер арасындағы шиеленіскен қатынастарға алып келеді. Жоғарыда айтылған қиындықтарға қатысты ғалымдар «Бір белдеу-бір жол» бастамасы аясында саяси өзара сенім мен экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, Қытай мен оның көршілері арасындағы гуманитарлық қарым-қатынасты күшейтуге болатынын атап өтті [7, 37-6].

Сыртқы экономика және сауда университетінің профессоры Ван Чжиминь «Бір белдеу-бір жол» бастамасы басқа елдердің мемлекеттік стратегияларымен және Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одағы (ЕАЭО) және «Нұрлы жол» сияқты халықаралық ұйымдармен түйісуі мүмкін деп санайды. «Бір белдеу-бір жол» бастамасының көмегімен Қытайдың көрші елдерімен дипломатиялық қарым – қатынас саласын жақсартуға болады [8, 77-6].

2015 жылдың 27 наурызында ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Халықтық мәжіліс залында ҚР премьер-министрі Кәрім Мәсімовпен кездесуі барысында, Ұлы Жібек жолының экономикалық белдеуі шеңберінде ортақ меморандумды жүзеге асыру керектігін, ауқымды жобалар, өндіріс, қаржы саласындағы серіктестікті тереңдетіп, Жібек жолы экономикалық белдеуінің құрылысын нығайту мен Қазақстанның «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын ұштастыру өзара жәрдемдесуге әкелетіндігін айтып кетті. Кәрім Мәсімов Си Цзиньпиннің сөзімен келісіп, ол ұсынған Жібек жолы экономикалық белдеуі мен Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатының ұқсас жақтары көп екендігін, осы бастамалардың екі ел арасындағы серіктестіктің жаңа жолдарын ашқандығын ескертіп, Қазақстанның Азия инфрақұрылымдық инвестиция банкі, Қытай-Еуразия экономикалық серіктестік қоры және т.б. салаларда Қытаймен ынтымақтастықты нығайтуға үмітті екендігін айтып өтті.

«Нұрлы жол» бағдарламасы Қазақстанда автомобиль және темір жолдар салуға, аэропорттар мен тағы басқа да транспорттық инфрақұрылым нысандарын салуға бағытталған. Бұл Қазақстан экономикасын модернизациялаудың, оның жаһандық үдерістерге кіруінің ұлттық бағдарламасы. Бүгінде «Нұрлы жол» бағдарламасы мен «Бір белдеу-бір жол» бағдарламасын тоғыстыру жүзеге асыру күн тәртібіндегі маңызды мәселе. Екі бағдарламаның өзара әрекеттестігі, Қазақстан мен Қытай арасындағы ғана емес, аймақ көлеміндегі әлеуметтік-экономикалық интеграцияның жаңа деңгейін көрсетеді. Қос бағдарламаны тоғыстыру барысында көптеген инвестициялық жобаларды қаржыландыру көзделген. Бұл жобалар тек транспорттық инфрақұрылымға ғана емес, одан да кең экономикалық селбестікке, яғни Қазақстан мен Орталық Азияның басқа мемлекеттеріндегі өндірісті арттыру бойынша халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған. Қазірдің өзінде Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық өзара әрекеттестік пен өзара байланыс деңгейі жоғары деуге болады. Тараптар тауар айналымының едәуір биік деңгейіне көтерілді, бірлескен жобалар жүзеге асырылуда. Ал «Нұрлы жол» және «Бір белдеу-бір жол» бағдарламаларының тоғысуы Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық және саяси өзара әрекеттестіктің одан да жоғары деңгейіне көтеруге мүмкіндік береді. Қазақстанның «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасы мен Қытайдың «Бір белдеу-бір жол» стратегиясы аясында қолға алынып, бүгінде жүзеге асырылып отырған жобалар таяу жылдары еліміздің экономикасына сүбелі үлес қосатын нысандарға айналары анық. Қолға алынған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» Еуразия халықтарының экономикалық байланысын нығайтуға, өзара ынтымақтастықты кеңейтуге арналған. Оны жүзеге асыру барысында ежелгі Жібек жолы бойында орналасқан елдерге өзара тиімді экономикалық серіктестікті орнатуға, біртұтас транспорттық инфрақұрылым құруға, сауда қатынастарын дамытуға тамаша мүмкіндіктер туындайды [9].

2015 жылы 28 наурызда Даму және реформалау жөніндегі ұлттық комитет, Сыртқы істер министрлігі және Сауда министрлігі «XXI ғасырдағы Жібек жолы экономикалық белдәуреуі мен теңіз Жібек жолы жобасының болашағы мен жоба аясында атқарылатын іс-шараларды» бірігіп жариялады. «Болашақ пен іс-шаралар» оқулығы – «Бір белдеу – бір жол» жобасын жүзеге асырушы ұйының Орталық биліктің «Бір белдеу – бір жол» стратегиялық тұжырымдамасы турасында ортаға қойған барлық бастамаларының мазмұны мен мәнін терең оқып түсіну негізінде құрастырылды [10].

«Болашақ пен іс-шаралар» жобасын дайындау жұмыстары Орталық үкіметтің тікелей басшылық етуімен жүргізіледі. «Жібек жолы экономикалық белдеуі мен XXI ғасырдағы теңіз Жібек жолы жобасының болашағы мен жобасы аясында атқарылатын іс-шаралар» оқулығын құрастыру жұмысы 2013 жылдың қыркүйегінде басталып, 2015 жылдың наурызында аяқталады, жұмыс бас-аяғы бір жарым жыл уақытқа созылмақ.

«Болашақ пен іс-шаралар» жобасын құрастыру жұмыстары ресми түрде басталған соң, жұмыс тобы мен мамандар тобы бірқатар зерттеулер жасап, редакциялау және кеңес алу жұмыстарын ақтарып, бірнеше мәрте Орталық үкімет басшыларына жұмыс жағдайынан есеп беріп, түрлі көзқарасты жинақтап, толықтырып, дамытып отырды. Әкімшілік органдардан бес рет, жергілікті басқару органдарынан үш рет пікір алғаннан соң, ақыры 2014 жылдың наурызында бүкіл ұсыныстар жобасы жасалынды. Дайындық жұмыстары төмендегідей үш сатыдан тұрады:

1. Алғашқы зерттеулер мен солардың негізінде баяндама дайындау кезеңі. Осы жобаға қатысты барлық бөлімшелер, алғашқы зерттеулері барысында «Бір белдеу – бір жол»

бастамасының маңыздылығын арттырып, бастапқы зерттеудің стратегиялық бағыты мен басқа да маңызды жақтарын анықтап, серіктестіктің мазмұны мен басты салаларын белгіледі, әлемдегі басты күштердің «Ұлы Жібек жолы» түрлі стратегиялық санаттарын алға өрбітіп және де қазіргі механизмдердің, тұғыранаманың және қордың интеграциясын күшейтеді. Оған қоса, әрбір департаментте зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін анкета түрінде хат жолданып, бұл зерттеулер орталық одақ, саяси мәселелерді зерттеу жөніндегі орталық басқарма және т.б. бөлімшелерді қамтыды, ақырында солардың негізінде бір жалпы баяндама мен 19 арнайы жасалынды.

2. Ортақ отырыс ұйымдастырып, әр тараптың ойын мұқият тыңдау кезеңі. «Бір белдеу – бір жол» жобасының тобы орта есеппен алғанда барлығы 18 отырыс ұйымдастырған. Осы отырыстар барысында шетелде орналасқан консулдықтардың, өнеркәсіптер және т.б. топтардың жеке пікірлері мен ұсыныстарына баса назар аударылды.

3. Тиісті мекемелер мен ғылыми-зерттеу бөлімшелерінің зерттеу нәтижелерін алу. «Бір белдеу – бір жол» жобасы тобынан бөлек, Саяси мәселелерді зерттеу жөніндегі орталық басқармасы, Мемлекеттік кеңес жанындағы даму мәселелері жөніндегі зерттеу орталығы, ҚХР ғылым академиясы, Қытайлық кеңес беруші компаниясы және т.б. да зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өздерінің зерттеу нәтижелерін ұсынып отырды [11].

2014 жылдың қараш айының 4-і күні бас хатшы Си Цзиньпин Орталық қаржы-экономикалық басшылар тобының сегізінші конференциясын өткізіп, «XXI ғасырдағы Жібек жолының экономикалық белдеуі мен Теңіз Жібек жолын бірлесе құру жөніндегі нақтылы іс-әрекеттер мен жарқын болашағы» жобаларының жоспарлануын талқылады. 2015 жылдың 28 наурызында Даму және реформалау жөніндегі ұлттық комитет, Сыртқы істер министрлігі және Сауда министрлігі «XXI ғасырдағы Жібек жолының экономикалық белдеуі мен Теңіз Жібек жолын бірлесе құру жөніндегі нақтылы іс-әрекеттер мен жарқын болашағы» бастамасын ресми түрде жария етті [12].

Ланьчжоу университетінің ғалымдары Чжан Синьпин мен Ян Жунго «Бір белдеу-бір жол» бастамасын халықтық дипломатия саясаты ретінде қарастырады. Олар «Бір белдеу-бір жол» бастамасын іске асырудың сәттілігі халықаралық кең мойындауға, халықаралық қоғамды қолдауға және халықтың еркіне байланысты деп есептейді, сондықтан оның мәнін жан-жақты және дәл түсіндіру қажет. Олар «Бір белдеу-бір жол» бастамасы Қытайдың бейбіт дамуы үшін, қолайлы орта құру үшін халық дипломатиясының қысқа мерзімді, аралық және ұзақ мерзімді мақсаттарын қалыптастырды.

Олардың ұсыныстарына сәйкес, «Бір белдеу-бір жол» бастамасының қысқа мерзімді мақсаты халықаралық қоғамның күдігінің шашырауы болып табылады. Аралық мақсаты-стратегиялық өзара сенімділікті күшейту, қатысушылар мен жақтастардың көп санын тарту. Ал, ұзақ мерзімді мақсаты – көршілес елдер мен бүкіл халықаралық қоғамды түсіну және мақұлдау [13, 80-6].

Қытай Халық университетінің халықаралық қатынастар институтының профессоры Ван Ичжи сұхбат барысында «Бір белдеу-бір жол» бастамасының Қытай дипломатиясына әсері туралы мәлімдеді. Оның пікірінше, бастама Қытайдың көрші елдермен қарым-қатынасын жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктер жасады. Шығыс Азия аймағында «Бір белдеу-бір жол» бастамасы Қытай мен Жапония арасындағы шиеленісті бәсеңдетудің кілті болды. Орталық Азия өңірінде "Бір белдеу-бір жол" бастамасы бойынша Орталық Азия елдері Азия мен Еуропаны қосатын стратегиялық дәліз бола алады, бұл ОА елдерінің басқа елдермен байланысын кеңейтеді, олардың экономикасының жылдам дамуына ықпал етеді. «Бір белдеу-бір жол» бастамасының арқасында Қытай мен АСЕАН арасындағы екіжақты қарым-қатынасты қайтадан орнатуға, олардың стратегиялық өзара сенімдерін нығайтуға болады. Сонымен қатар, профессор елдердің «Бір белдеу-бір жол» халық дипломатиясының ынтымақтастығын оңтайландырудың бастамасы бойынша түрлі қарым-қатынасы нәтижесінде бірінші орынды иелену керек деп есептейді. «Бір белдеу-бір жол» бастамасы аясында Жібек жолының мәдениетін насихаттау, Жібек жолының тарихын тарату, Жібек жолының рухын арттыру қажет [14].

Осылайша, «Бір белдеу-бір жол» бастамасы кешенді мемлекеттік стратегия көне Жібек жолының рухын мұра етіп қана қоймай, сонымен қатар Қытайдың сыртқы саясаты мен оның халықаралық қызметін өзгертетін қазіргі заманғы үрдістерге сәйкес келеді. ҚКП ОК бұл бастамаға үлкен әсер етеді және оны жаңа ашықтық саясатын іске асыру тәсілі деп атайды. «Бір белдеу-бір жол» бастамасы «Қытай ерекшелігі бар үлкен елдің дипломатиясының» орталығы

және Қытай дипломатиясының өзгеру символы болып саналады. «Бір белдеу-бір жол» бастамасы аясында көрші елдердің орны Қытай дипломатиясында ерекше атап өтілуде, Қытайдағы халық дипломатиясы қуатты даму алды. Бүгінгі таңда Қытай ынтымақтастықтың әрбір аспектісі және нақты іс – әрекеттер бойынша жаңа дипломатиялық саясатты ілгерілетуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 王帆(Ван Фань), *中国特色大国外交: 缘起, 成就与发展(«Дипломатия большой страны с китайской спецификой»: источник, успехи и развитие)* [电子信息(Электронный ресурс)] / 帆王(Фань Ван) // *当代世界(Дандай шицзе)*. -存取方式. - Кіру режимі: <http://src.people.com.cn/n1/2017/0718/c191094-29412100.html> - 存取日期. -Дата доступа: 29.05.2019.
2. Шалтыков А.И. *Казахстан – ключевое звено Великого шелкового пути // Вестник КазНПУ, серия «Международная жизнь и политика».* – 2016 – №3(46). –Б.17.
3. *Бір белдеу – бір жол: Хрестоматия/Құрас.: Цин Юцай, Чжоу Гупин, Ло Вэйдун; қытай тілінен ауд.: Бодау Гули, Алтынбекқызы Дана.* – Алматы: «Шығыс әдебиеті және өнері» Баспа компаниясы ЖШС, 2018. – 205 б
4. 新田 堯之. *中国が提唱して3周年を迎えた一带一路// 新興国経済*, 26.09.2016, 11 頁. [Нитта Такаюки. *Развитие выдвигаемого Китаем «одного пояса, одного пути» за 3 года // Экономика развивающихся стран*, 26.09.2016. – 11 б.]
5. 薛力(Сюе Лу), *一带一路战略是大国阳谋(Стратегия ОПОП – тактика большой страны)* [电子信息(Электронный ресурс)] / 力薛(Лу Сюе) // *爱思想(Любить мысли)*. – 存取方式. – Кіру режимі):<http://www.aisixiang.com/data/95147.html> – 存取日期. – Дата доступа: 29.05.2019.
6. 于洪君(Юй Хунцзюнь), *新时代中国特色社会主义思想的指导思想和整体布局(Ведущая идеология и общее размещение «Дипломатии большой страны с китайской спецификой» в новой эре)* [电子信息(Электронный ресурс)] // *中国共产党新闻网(Новостное агентство КПК)*. – 存取方式. – Кіру режимі: <http://theory.people.com.cn/n1/2018/0307/c40531-29853292.html> – 存取日期. – Дата доступа: 29.05.2019
7. 许利平(Syuy Lipin). *一带一路”与习近平的外交战略思想(Initsiativa OPOP i diplomaticheskaya ideya Si Tszinpinga) / 利平许, 晓玲王(Lipin Syuy, Syaolin Van) // běi jīng gōng yè dà xué xué bào。shè huì kē xué bǎn (Vestnik Pekinskogo promyshlennogo universiteta. Obshchestvennyye nauki)*. – 2016. – №16(4). – 第34–44页(S. 34–44).
8. 王志民(Ван Чжиминь). *“一带一路”战略于中国外交走向(Стратегия ОПОП и направление китайской дипломатии) / 志民王(Чжиминь Ван) // 中国浦东干部学院学报(Вестник Пудунского института исполнителя руководств)*. – 2016. – № 10(1). – 第76–82页
9. Назарбаев Н.Ә. *Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан.* — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.
10. *Экономическое сотрудничество республики Казахстан и Китая в свете реализации программы новый шелковый путь.- 2016.- URL: <https://articlekz.com/article/20200> (қаралған уақыт: 10.06.2018)*
11. *Министерство коммерции Китайской Народной Республики.-2012.-URL: <http://www.tofcom.gov.cn/aarticle/i/dxfw/jlyd/201205/20120508104717.html> (қаралған уақыт: 10.05.2018)*
12. *Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (XIV-XIX вв.). Алматы: Ғылым, 1995. - 228 с.*
13. *张新平(Чжан Синьпин) “一带一路”公共外交的目标、挑战与路径(Цель, вызов и путь народной дипломатии «Один пояс-один путь») 新平张(Синьпин Чжан) // 思想理论教育导刊(Ведущий журнал идеологического и теоретического образования).* – 2016. – № 6. – 第79–83页(C. 79–83)
14. *王义枢(Ван Ичжи) 关于“一带一路”与中国外交的对话(Диалог о инициативе «Один пояс-один путь» и китайской дипломатии) / 义枢王(Ичжи Ван) // 当代世界与社会主义(Современный мир и социализм).* – 2015. –№ 4. – 第5–80页(C. 5–80)

References:

1. 王帆(Van Fan'), 中国特色大国外交: 缘起·成就与发展(«Diplomatiya bol'shoj strany s kitajskoj specifikoj»: istochnik, uspekhi i razvitie) [电子信息(Elektronnyj resurs)] / 帆王(Fan' Van) // 当代世界(Dandaj shicze). - 存取方式 - Kiru rezhimi: <http://cpc.people.com.cn/n1/2017/0718/c191094-29412100.html> - 存取日期 - Data dostupa: 29.05.2019.
2. SHaltykov A.I. Kazahstan – klyuchevoe zveno Velikogo shelkovogo puti // Vestnik KazNPU, seriya «Mezhdunarodnaya zhizn' i politika». – 2016 – №3(46). – B.17.
3. Bir beldeu – bir zhol: Hrestomatiya/Kıras.: Cin YUcaj, CHzhou Gupin, Lo Vejduñ; kıtaj tilinen aud.: Bodau Guli, Altynbekkızy Dana. – Almaty: «SHyğys ađebieti zhāne ǵneri» Baspa kompaniyasy ZHSHS, 2018. – 205 b
4. 新田 堯之. 中国が提唱して3周年を迎えた一带一路// 新興国経済, 26.09.2016, 11 頁. [Nitta Takayuki. Razvitie vydvigaemogo Kitaem «odnogo poyasa, odnogo puti» za 3 goda // Ekonomika razvivayushchihysya stran, 26.09.2016. – 11 b.]
5. 薛力(Syue Li), 一带一路战略是大国阳谋(Strategiya OPOP – taktika bol'shoj strany) [电子信息(Elektronnyj resurs)] / 力薛(Li Syue) // 爱思想(Lyubit' mysli). – 存取方式 - Kiru rezhimi: <http://www.aisixiang.com/data/95147.html> - 存取日期 - Data dostupa: 29.05.2019.
6. 于洪君(YUj Hunczyun'), 新时代中国特色大国外交的指导思想 and 整体布局(Vedushchaya ideologiya i obshchee razmeshchenie «Diplomatii bol'shoj strany s kitajskoj specifikoj»v novej ere) [电子信息(Elektronnyj resurs)] // 中国共产党新闻网(Novostnoe agent- stvo KPK). – 存取方式 - Kiru rezhimi: <http://theory.people.com.cn/n1/2018/0307/c40531-29853292.html> - 存取日期 - Data dostupa: 29.05.2019
7. 许利平(Syuy Lipin). 一带一路'与习近平的外交战略思想 (Initsiativa OPOP i diplomaticheskaya ideya Si Tszinpinga) / 利平许·晓玲王(Lipin Syuy, Syaolin Van) // běi jīng gōng yè dà xué xué bào。shè huì kē xué bǎn (Vestnik Pekinskogo promyshlennogo universiteta. Obshchestvennyye nauki). – 2016. – №16(4). – 第34–44页(S. 34–44).
8. 王志民(Van CHzhimin'). “一带一路”战略于中国外交走向(Strategiya OPOP i napravlenie kitajskoj diplomatii) / 志民王(CHzhimin' Van) // 中国浦东干部学院学报(Vestnik Pudunskogo instituta ispol- nitel'nogo rukovodstva). – 2016. – № 10(1). – 第76–82页
9. Nazarbaev N.A. Nur Otannyn damuynda zhana beles bastaldy. Memleket basshysy N.A. Nazarbaevtin «Nur Otan» partiyasy Sayasi kenesinin keneitilgen otyrlysynda soilegen sozi // Egemen Kazakhstan. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.
10. Ekonomicheskoe sotrudnichestvo respubliki Kazahstan i Kitaya v svete realizacii programmy novyj shelkovyj put' - 2016. - URL: <https://articlekz.com/article/20200> (қаралған уақыт: 10.06.2018)
11. Ministerstvo kommercii Kitajskoj Narodnoj Respubliki. -2012.-URL: <http://www.mofcom.gov.cn/aarticle/i/dxfw/jlyd/201205/20120508104717.html> (қаралған уақыт: 10.05.2018)
12. Hafizova K.SH. Kitajskaya diplomatiya v Central'noj Azii (XIV-XIX vv.). Almaty: Fylym, 1995. - 228 s.
13. 张新平(CHzhan Sin'pin) “一带一路”公共外交的目标、挑战与路径(Cel', vyzov i put' narodnoj diplomatii «Odin poyas-odin put'») 新平张(Sin'pin CHzhan) // 思想理论教育导刊(Vedushchij zhurnal ideologicheskogo i teoreticheskogo obrazovaniya). – 2016. – № 6. – 第79–83页(S. 79–83)
14. 王义枢(Van Ichzhi) 关于“一带一路”与中国外交的对话(Dialog o initsiative «Odin poyas-odin put'») i kitajskoj diplomatii) / 义枢王(ichzhi Van) // 当代世界与社会主义(Sovremennyj mir i socializm). – 2015. – № 4. – 第5–80页(S. 5–80)